

## ЖАС ҰРПАҚТЫҢ КІТАП ОҚУ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫ- ҒЫНА ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

### Кіріспе

Заман талабы дәл қазіргі таңда жас ұрпақтың бойынан білім мен ғылымды талап етіп отыр. Осы білім мен ғылымның ең негізгі қайнар көзі, бастауы – кітап болып табылады. Дегенмен, осы кітаптың бетін ашып, қызығушылық танытып, өз білімі мен бағдарын дамытып, жетілдіріп отырудың орнына, қалтасындағы ұялы телефонына немесе компьютердің құмар ойындарын серік ету көпшілік жастардың алтын уақыттарын арзанқол дүниеге жұмсап отырғандығы жанға батады және күнделікті үйреншікті көрініске айналды. Кітап оқып дүниетанымын кеңейтіп, ой-өрісін кемелдендірудің орнына, сапасыз көзбояушы, алдамшы дүниелер күннен-күнге өршіп, жас ұрпақтың санасын улап алуда. Ғаламтор құралдарына тәуелділік адамдар арасындағы коммуникацияның төмендеуіне бірден-бір себеп және өзара қарым-қатынастың бірте-бірте азаюына себеп болып отыр. Мұндай жағдайды қоғамдық орындардан (автобус, аялдама, мәдени орындар) күнделікті байқауға болады.

XXI ғасырдың даму үрдісі көбінесе «техногендік» сипатқа ие. Дүние жүзіндегі негізгі атқарылып отырған жұмыстардың көпшілігі компьютерге, ақпарат құралдарына тәуелді. Дегенмен, осындай түрлі адам денсаулығына қатысты сайттар, әсіресе, түрлі ойындар балалар мен жасөспірімдердің қалыпты күй-жағдайын бұзылуға ұшыратуда. Қазақстанда жүргізілген зерттеулерге қарасақ, адамның психикалық көрсеткіштерінің өз нормасынан ауытқығаны айқындалуда. Мәселен, қайсыбіреулердің көңіл-күйін құлдыратып хал-жағдайын нашарлатып, белсенділігін төмендетіп жіберген. Міне, бұл балалар мен жасөспірімдердің моральдық тұрғыдан азғындануын жеделдетіп, олардың ата-аналары мен достары арасындағы өзара қарым-қатынастарын бұзады. Психологиялық тұрғыдан ауруға шалдығып жүйкелері жұқарған, ашуланшақ күйге түседі. Сондықтан оны болдырмаудың әр алуан әрекеттерін қарастыруымыз қажет.

Кенес кезіндегі адамдар ең оқымыстылар деп аталса, КСРО ең білімді ел болып есептелді. Біздің заманның жастары әлемді кітап арқылы танып білгісі келмейді. Соған қарап: «Бұл қандай іс-әрекет, бұл жайт неге апарады бізді?», – деген сауал туындайды санаңда. Бұған кінәліні қайдан іздейміз, жастардың жалқаулығы

ғынан ба, әлде тәрбиеге тіреп ата-ананың бостығынан деймізбе, заманның азғындауы ма? Шын мәнісінде сұрақтың шешімін табу өте қиын. Аталған мәселеге байланысты әлеуметтанулық зерттеулерге жүгінсек, жас ұрпақ арасында кітап оқуға деген ынта төмендеп кеткенін растап отыр. Бүгінгі жастардың классикалық көркем әдебиетке деген қызығушылықтары құлдырап, оның орнына техникаға бет бұру кең етек алып баратындығын тағы да дәлелмен айта аламыз. Былтырғы жылғы сәуір айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әлеуметтанулық зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг Орталығы жүргізген зерттеулердің мәліметтеріне жүгінер болсақ, сұрау салған жастарымыздың тең жартысы кітапханаға оқу бағдарламасы бойынша ғана кітап алуға келеді екен. Олардың тек 11% ғана көркем әдебиетті оқиды. Жастарымыз: «Сіз өзіңізге қажетті ақпаратты қандай дерекнама көздерінен аласыз?» деген сұраққа: 62% ғаламтор жүйесінен, 26% ғылыми-әйгілі кітаптардан, 12% ғылыми журналдар мен жарияланымдардан іздестіреміз деген жауап берген. Ал көркем әдебиетті көпшілігі бос уақыттарында ермек ету үшін, енді біреулері сабақ тапсырмаларын орындау үшін, аз сандылары ғана ой-өрісін кеңейту мақсатында оқитындығы айқындалған [1].

Ғаламтор мен теледидар жастардың өз қызығушылықтары бойынша осы әлеуметтік құралдардан түрлі бағдарламаларды үзіліссіз көруді әдетке айналдырған. Үзіліссіз жүретін жарнамалар жастардың сөйлеу тілінің дамуына кері әсерін тигізуде. Өскекең ұрпаққа мұның бәріне тыйым салу өте қиын. Өйткені ақпарат алу кеңістігі жыл сайын ұлғаюда. Тіпті отандық арналарда батыстың түрлі фантастикалық атыс-шабысқа құрылған немесе ұятсыз әрекеттерге негізделген фильмдері жиі көрсетіледі. Бұл да аса қауіпті. Ал қазіргі заманғы мәселелер туралы терең толғайтын адами қарым-қатынастар, адал махаббат пен достық туралы киноповестер, кинодрамалар, фильмдер жоқтың қасы. Ал жоғарыда айтылған көрсетілімдер мен жарнамалар, жастардың миын улап, алтын уақытын өлтіруге бағытталған құрал деп есептеңіз. Біздің басты міндетіміз бозбалаларға ғаламтордан ұлттық менталитетке қиғаш келмейтін мәселелерді ғана қабылдауға бағыттау. Әрине, ғаламтор ақпараттық мәдениет пен сауаттылықты қалыптастырудың уақыт ағымына сай құралы. Әңгіме ғаламтордың бізді мәдениеттілікке тәрбиелейтін желісін таңдай білуімізде болып тұр. Әсіресе, кішкентай кезінен қолдарынан ойыншықтың орнына ноутбукты

тастамай өскен ұрпақ үшін «интернеттің» маңызы зор. Балалар мен жасөспірімдердің бойына рухани сезімді ұялату отбасынан басталады.

Кітап нарығын зерттейтін әлемнің ең ірі компанияларының статистикалық көрсеткішіне сүйенсек, орта есеппен әр адам аптасына 6 сағатын ғана кітап оқуға арнайды екен. Ал, телебағдарламаларды интернет желісінен көру үшін күніне 3 сағат 7 минутын жұмсайтын көрінеді. Әрине халықтың басым көпшілігінің кітаптан гөрі интернетті бағалы санайтыны көңілді қыңжылтады. Халықаралық Кітапханалар Ассоциациясы Федерациясының мәлімдемесі бойынша әлемде 569.6 мың кітапхана бар. Оларда 20 млрд. астам кітаптар мен 10 миллиардқа жуық газет-журналдар сақталған екен. Яғни небір құнды дүниелер сонда жатыр [2].

Соңғы 15 жылда біздің елімізде кітап оқу барысы төмендеп кеткен. Зерттелген мәлімет бойынша халықтың 17%-ы ғана кітапты қатты қызығып, оқумен айналысады екен. Ал студенттер, қызметкерлер, оқушылар қажетіне қарай білімдерін кеңейту барысында оқулықтарды қолға алса, ал қалған халықтың 12%-ы кітап оқуға ұмтылыс жасап, қызықпайтындар қатарына жатады. Мұндай бағыттардың әр қилы түсініктері бар, көпшілігі уақыттың жоқтығын сылтау етсе, баз біреулері дүкендердегі әдеби кітаптарды сатып алуға қалта көтермейтінін, кейбіреулері қазақ тілінде шығарылып жатқан әдеби шығармалардың сапасының төмендігін алға тартады [3].

Бүгінгі қазақ жастарының кітап оқуға деген қызығушылығының төмендеуін ғалымдар масс-медианың дамуымен байланыстырады. Бірақ, неғылса да жаңа ғана атап кеткен халықтың кітапты үзбей оқитын бөлігі 17%-ды құрайтын жастар екенін мойындамасқа болмайды. Қазіргі кезде электронды ақпараттың озық үлгісі тұрмысымызға кеңінен енгізілді. Енді бұрынғыдай кітапханаға жүгірмейміз. Білім бұлағымен сусындайтын студенттерге қажетті оқулықтардың көпшілігінің электрондық нұсқасы бар. Ал енді ЮНЕСКО-ның мәліметіне сүйенсек, бүгінгі таңда әлемде 1 млрд. 700 мың жан көпшілікке арналған кітапханалардың қызметін пайдаланатын көрінеді. Яғни, жер бетінің әрбір үшінші адамы оқырман. Маркетологтардың мәліметін негізге алсақ, әлем бойынша ең көп кітап оқитын елдердің бірі жапондар болып шыққан. Олардың дүкендеріне бір жылда 25 мыңнан астам кітап сатуға түседі екен. Әрбір жапондыққа 11 кітаптан келеді. Бұл күн шығыс елінде бірнеше мыңнан астам баспа үйі бар, жылына шамамен 500 миллион дана кітап өнімдерін

шығарып отырады екен. Егерде жаңа технологияның барлық түрі осы бір елде ойлап табылып, жасап шығарылып, өзге де өркениетті елдерге таратылатынын ескерсек, жапондықтардың кітапқұмарлығына сүйсінбеске шараң жоқ. Олар қолына кітап алып, оқуды мәдениеттіліктің негізгі түріне айналдырған. Қазіргі кезде әлемнің ғалымдары мен дәрігер психологтары кітапты көп оқыған адамның ойлау қабілеті, ақылы да, мәдениеті де жоғары болатынын дәлелдеп отыр. Ой-өрісінді кеңейтіп, талғамынды ұлғайтып, ойлау қабілетінді дамытатын, ақылына ақыл қосатын, жан азығың да бола білетін кітап екенін айтқым келеді. Адамның білімді болуы өзіне байланысты, ас ішіп, аяқ босатып, төбеге қарап жата беруге де болады. Немесе өзіңнің жан дүниенді еріксіз алдап-арбап алатын теледидардың да шырмауына оралуыңа болады. Байлық пен ақшақұмарлық та жаныңа жат емес шығар. Бірақ, мына айналмалы дүниеде бір мезгіл уақыт тауып қолыңа кітап алып, үніліп оқысаң, талай құнды дүниенің сырына қанық болатының айдан анық.

Біздің жастардың басты бір кемшіліктері – кітап оқымаймыз, мойнымыз жар бермейді. Қара суды жер алдырып, анау жоқ, мынау жоқ деп мұң шағуға бейімделіп алғанбыз. Ал сана-сезімді оятар, білімді жетілдірер кітап оқуға келгенде енжармыз. Кітап оқымасақ, газет оқымасақ, күнбе-күн өмір жаңалықтарын білмесек, сараптамасақ, қалайша білімімізді, білгірлігімізді, мәдениеттілігімізді арттырамыз? ХХІ ғасырда өмір сүріп жатырмыз деп шіренеміз келіп, ал қандай уақытта болсын, қандай заманда болсын, қазыналы кітапсыз бірде-бір өркениетті ел болмайды. Оған мысал, кітап басу ісі бойынша көшті Ұлыбритания бастаса, екінші орында Германия, үшінші орында Америка келеді екен. Осындай алдыңғы қатарлы елдердің халқы кітапқа деген зор сұранысының арқасында баспалар толассыз жұмыс істеп жатыр. Олар өздерінің білетіндерін, білімдерін күні-түні толықтырып, уақыт көшінен қалмай жүруді мәдениеттілік деп санайды. Тіпті адам басына түскен қиын-қыстау сәттерде де қатты күйзелістен, қамығудан шығудың бірден-бір ыңғайлы жолы кітап оқумен айналысу қажет екенін дәрігер-психологтар тәжірибе ретінде жұмыс жүргізгенде, оң нәтижесін бергенін айтады. Сондықтан кітап оқуды жетілдіру, әдеби шығармаларды оқу әрбір мәдениеттімін деген қазақтың әдетіне айналуға тиіс. Кітаптың тарихи мұра, асыл қазына екенін ұмытпайық.

ҚазҰУ студенттерінен алынған әлеуметтанулық зерттеу бойынша төмендегідей қорытынды

ала аламыз. Бұл зерттеудің негізгі сұрағы: “Сіз кітап оқисыз ба?” деген сұрақтан құрылған. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 66% кітап оқимын деп жауап берсе, ал 27% қажет кезде ғана оқимын десе, тек 7% оқуға қызығушылығым жоқ деп жауап берді. Яғни, зерттеу нәтижесінде байқағандай қазіргі таңда жастар, яғни ҚазҰУ-дың студент жастары кітап оқиды және қызығушылық танытады [4].

Бүгінгі егемен еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Еліміздің мәртебесін асқақтатып, экономикасын, ішкі және сыртқы саясатын дамыту жастардың қолында. Күнделікті өмірдегі жаңалықтар, ғылымдағы жетістіктер қай адамнан болсын терең білімді және ақыл-ой өрісінің жан-жақтылығын талап етеді. Сондықтан да әрбір адам өзінің рухани дүниесін байытуды көздейді. Ал рухани байлықты байытудың сан түрлі жолдарының бірі және бірегейі – кітап оқуға әуестену. Кітап оқу жастардың адамгершілік бағдарларын және рухани дамуына пайдалы, сол себепті кітапты оқыған жан елеулі беделді бола алады. Әртүрлі классикалық шығарманы оқудан кейін де адам жақсы жаққа өзгереді. Ғалымдардың пайымдауынша кітап оқудың пайдасы, ол адам ағзаларының қартаймауына көмектеседі екен. Кітап оқу адам дамуындағы басты құрал. Жақсы кітаптарды оқу адамның ақылын, ой-өрісін кеңейтеді, оның көкейін оятады және есте қалады.

Кітап қашан да адамның ақыл-ойының дамуының негізі болғаны белгілі. Қазіргі ақпарат пен технологияның ғасырында кітап, оның ішінде көркем әдебиет екінші орынға ысырылып қалғаны да жасырын емес. Ақпараты дамыған ғасырдың адамына том-том романдарды парактап оқы деу де қисынсыз болар. Бірақ қанша техника дамығанмен ол ешқашан кітаптың орнын баса алмайды. Кейбір жастарымыз кітап оқу қажет емес десе, үлкендер кітап оқу арқылы көп нәтижеге жетеміз дейді. Ең озық технология – компьютер арқылы виртуалды кеңістікке шығып, кітаптардың электронды нұсқаларын алып пайдалану, қашықтан білім алу мүмкіндіктерін пайдалануға болады. Осы бағытта оқырмандарға Интернетті игеруге мүмкіндік беру де қажет. Өйткені оқырман бүгінгі кітапханадан тек осы уақытқа дейін жинақталған қорды пайдаланумен шектелмей, әлем кітапханалары қорынан кез келген ақпаратты тез арада алу интернет арқылы іске асатынын біледі. Интернет тобы арқылы жүзеге асырылатын бұл жетістік – оқырман үшін тиімді үнемді екені даусыз. Интернет желісінен жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану дүние жүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп

ақпарат алу, білім беру кеңістігінде ақпараттық технологияларды пайдалану деген сияқты көптеген қажетті пайдалы ақпарат ала алады.

Кітапхана тек кітап оқу үшін ғана келетін орын болмауы тиіс. Оған қосымша бұл мәдениет ордасы, авторлармен жүздесіп, әдебиет әлеміндегі соңғы жаңалықтарды талқылайтын көпшілік орынға, яғни ақпараттық-пікірлесу, шығармашылық жұмыс алаңына айналса, игілікті істің бірі болар еді. Оқырманды кітапханаға тарту үшін, кітап оқуды насихаттау мақсатында мәдени-көпшілік шаралар: кітап көрмелері, ақын-жазушылармен кездесулер, шығармашылық кештер, кітаптардың тұсаукесер рәсімін жасамасқа? Ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлері өз ақылдарын жастарға көзбе-көз айтып шабыттандырса, жастардың барлығының болмаса да біршама бөлігінің әдеби кітап оқуға деген ынтасы, қызығушылығы артады.

Қоғамдық көліктерге, аялдама орындарына ұлы ақындардың керемет өмірге шабыт беретін сөздерін іліп, жастардың кітап оқуға қызығушылығын арттыруға болады. Немесе кез келген романның қызықты жерінен үзінді алып кез келген бағыттағы қоғамдық көліктегі жолаушылардың ішін пыстырмай көздеген жеріне жақсы көңіл-күймен жететіндей, іліп қоюға болады. Романның үзіндісі оқыған адамды қызықтырса, онда міндетті түрде романның толық нұсқасын оқиды деген ойдамыз. Пайдасы да көп, жастар құлақтарына киген құлаққапты тастап, жолда әдеби кітап оқумен қысқартса, нұр үстіне нұр болар еді. Адам кітап оқуды мақсат етсе, ешқандайда кітап талғамауы да мүмкін. Кітап десе әр адамның түсінігі әр түрлі. Кітап оқу адам өміріндегі ең маңыздысы ғылымға, білімге десе, кейбірі уақыт өткізуге пайдасы мол деп түсінеді. Кітап арқылы әлемдегі мемлекеттер бір-бірімен рухани байланыс жасайды. Бірақ бүгінгі компьютердендірілген, қарқынды дамыған техника заманы өз қызығын ұсынуда. Ал бізде «100 кітап» оқу жобасы жүзеге асырылуда. Бұл дегеніміз жақсы бастама. Алдымен бес, он кітап оқыған адамға құмарлығын арттыра беретіні анық. Кітапты оқығанда адам бар ынтасымен, мұқият, ой-өрісіне жеткізіп, ынтамен оқу керек. Білімнің қайнар бұлағы – кітап деп бекер айтпаған. Сондықтан да мұны адамзаттың баға жетпес құндылығы деп білеміз. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес шығар. Қазіргі уақытта бүлдіршіндерге, студенттерге, жасөспірімдерге кітап оқуға толық мүмкіншілігі бар. Яғни электронды кітапхананы айта аламыз. Қазіргі жағдайда қажетті ақпарат алу үшін, аудио, видео, ғаламтор

секілді жеңіл жолдар табылып тұрғанда кітап оқуға деген құштарлық азайып кетті. Бала ерте жастан кітаппен дос болса, болашақта ол көзі ашық, көкірегі ояу адам болып қалыптасады. **Ұрпақтың** ой белсенділігін және жазушылық шығармашылығын дамыту қажет. Шығармашылық процесінің барлық бағыттарында танымдық қызметтің артуына байланысты жаңа ойлау жүйесі қалыптасып отырады. Ал жаңа ойлаумен библиографиялық білім негізі жетіледі. Балалардың алғаш алған қарапайым білім қоры оны күрделі ғылым салаларын оқып және зерттеушілікке, жазушылық өнеріне – үйренуге жетелейді. Міне, осы аралықта әр кітаптан алған білім заңдылықтарын біріктіре қорытындылай білетін бала зор табысқа жетеді. Шығармашылыққа баулу және жазушылық өнер білімін жетілдіру балалардың: саналылығы, белсенділігі, өз беттілігі, білім мен біліктерінің беріктілігі, ұқыптылығы, әрекеттілігі талаптарын қамтиды. Қазіргі уақытта жаңа қоғамда тәрбиенің мақсаты – адамның жауапкершілігінде. Жаңашыл бағалы бағытқа үйрету кәсіби біліктіліктің жетістіктеріне жол табады. Бұл дұрыс. Осы жаңашыл өмірмен «Инновациялық қызметпен» болашақ ұрпақ өмір сүреді. Бұл «жаңашыл» әлемге ұрпағымыз түзу көзқараспен енсе. Ал сол жаңашыл әлем түзу көзқараспен үйлесімді қарсы алса. Біз болашақ ұрпақтың алдында әрқашан жауаптымыз. Мектеп табалдырығын аттаған жас ұрпақ өзін-өзі осал сезінбеуі керек. Баланың ішкі жан дүниесін ұғыну керек. Қазіргі уақыттағы кітаптың, кітап оқудың мәртебесі төмендеуі жұртшылықты аландатады. Соңғы онжылдықта бүкіл әлемде, соның ішінде Қазақстанда да кітап оқуға қызығушылық азая бастағаны байқалады. Кітап оқу бос уақытты өткізу түрі ретінен гөрі іскерлік оқуға қарай ойысты, ақпараттық және білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғана оқу жиі кездесетін болды. Оқушылар, студенттер көбінесе оқу залдарына тапсырылған тақырып бойынша реферат, баяндама, шығарма жазуға ғана келеді. Қазіргі кезде қоғамымыздың дамуына қарай ақпаратты жан-жақты алу аудио, видео, интернет жүйесі арқылы мүмкіндік туғанымен кітапхана арқылы әдеби кітаптарды оқи отырып алатын білім мен сауаттылықтың орны жоғары [5].

Студенттердің жан-жақты білімді болуы оқытушыларға байланысты. Сондықтан менің ойымша егер оқытушы студенттерге әр ай сайын бір әдеби кітапты оқуға беріп, ай аяғында әр студенттен сұрап, әдеби кітапты жақсы меңгерген студенттерді қосымша бал қойып, ынталандырып отырса, студенттер біршама талпынады.

Қоғамымыздың дамуына қарай ақпаратты жан-жақты алу, яғни интернет жүйесі арқылы барлық ақпаратқа қол жетімді болғанымен, кітап арқылы білім алу білім мен сауаттылықтың орны ерекше. Демек, әдеби көркем кітаптарды көбірек оқуға көңіл бөлсек, рухымықты ұлт боларымыз хақ.

Қорыта айтқанда, әрбір студенттің әдеби шығармаларды оқуды қадағалап, қызықтырып,

жүйеге енгізу – студенттердің кітап оқуға деген ынта-жігерін арттырады. Студенттерді жаңа сатыға көтереді деп сенеміз. Жаңа оқулықтар мен олардың авторлары, яғни жас ақын-жазушылармен кездесулер ұйымдастырып, қызықтыратын түрлі ұйымдық-шараларды көптеп оқу орнында жүргізу қажет. Осындай жағдайда студенттер әдеби кітапқа баса назар аударып, оқуға қызығушылық тудырады.

#### Әдебиеттер

- 1 Әбдірайымова Г.С. Әлеуметтанулық зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығы: «Кітап» – ғаламтордың құрбаны // “Қазақ әдебиеті”. – № 33 (3249).
- 2 Сапарова Н. Қоғамдық пікірді зерттеу орталығының сандық зерттеулер бөлімінің маманы // “Қазақ әдебиеті”. – № 33 (3249).
- 3 Бектемірова Н. “Қазақ кітап оқи ма?”//«Қазақстан Заман» газеті, 2009 жыл.
- 4 Садақбаева М.У. Тәрбие.org ұстаздар сайты №1676

#### References

- 1 Abdirayymova G.S. Aleumettanulyk zertteuler zhane aleumettik inzhiniring ortalygy: «Kitap» - galamtordyn kurbany! “Kazak adebiyeti” № 33 (3249).
- 2 Saparova N. Kogamdyk pikirdi zertteu ortalygynyn sandyk zertteuler boliminin mamany: “Kazak adebiyeti” № 33 (3249).
- 3 Bektemirova N. “Kazak kitap oki ma?” «Kazakstan Zaman» gazetі, 2009 zhyl.
- 4 Sadakbayeva M.U. Tərbiye.org ustazdar sayty №1676